



# **АШЫҚ сабақ**

**Тақырыбы: ««Қазақтың бас ақыны. Бала Абай» Мұхтар Әуезов»**

Өткізген : Асанбаева Г.К.  
Сыныбы: 3 «Ә»

<b>Мектеп:</b>	№ 12	
<b>Пәні:</b>	әдебиеттік оқу	
<b>Күні:</b> 20.02	<b>Мұғалімнің есімі:</b> Асанбаева Гүлшат Каиржановна	
<b>Сыныбы:</b> 3 «Ә»	<b>Қатысқандар саны:</b> 20	<b>Қатыспағандар саны:</b> 0
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	«Қазақтың бас ақыны. Бала Абай» Мұхтар Әуезов	
<b>Оқу мақсаты</b>	3.2.2.1 қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру. 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу	
<b>Сабақмақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> мәтіннен сұрақтарға қажетті мәліметтерді табады. <b>Көптеген оқушылар:</b> өздері сұрақ қояды. <b>Кейбір оқушылар:</b> кейіпкерлер арасында сұрақ-жауапқа құрылған диалог құрастырады.	
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындайды; мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады; шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды; берілген тақырып бойынша ой қорытып, сын тұрғысынан бағалай алады.	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Тілдік дағдылар:</b> қазақтың бас ақыны	
	<b>Терминология:</b> ұлыақын, аудармашы	
	<b>Сөз тіркестері:</b> дәмді қылып, қызықтырып айтады	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	«Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Музыка», «Математика» пәндерінен «Атақты тұлғалар» бөлімін өтіп жатыр	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану.	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Өз ұлтын, халқын құрметтеу және мақтаныш сезімін қалыптастыру;	
<b>Алдыңғы оқу</b>	Абай Құнанбаев туралы түсініктері бар. ( дүниетану, әдебиеттік оқу, өзін-өзі тану) 2 сынып	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар</b>	<b>Ресурс Бағалау</b>
Басы 7 минут 2 минут	<b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b> <i>Әл-Фараби салған ізін жалғастырып, Ғылым құған, өнер құған - Біз боламыз!</i> <i>Ыбырай ата, тәлімінен тәрбие алып, Білім құған «Ағартушы» - Біз боламыз!</i> <i>Ұлы Абайдың өлеңдерін жаттап өскен, Рухты ұрпақ, ақын жанды - Біз боламыз!</i> <b>Бәрі бірге:</b> <i>Болашақтың жарқыраған жұлдыздары - Біз боламыз!</i> <b>Топтасу</b> 1-топ. «Ғалым» 2-топ. «Ағартушы» 3-топ. «Ақын» *топ басшысын сайлау *топ ережесін еске түсіру	Үлестірме қағаздар Мадақтау 
2 минут	<b>«Сиқырлы таяқша»</b> әдісі арқылы үй тапсырмасы Ғафу Қайырбековтің «Алғашқы қоңырау» өлеңін топ бойынша сұрау. <b>Дескриптор:</b> - Өлеңді мәнерлеп оқиды. - Өлең мазмұнын түсінеді. - Автор туралы мағлұмат айтады. 3-топ. «Ақын» 1-шумақ 2-топ. «Ағартушы» 2-шумақ 1-топ. «Ғалым» 3-шумақ	Алақанмен Мадақтау
	<b>Тыңдалым:</b> «Қыс» өлеңін аудиожазбадан тыңдау.	

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оленді жазған кім? (Абай Құнанбаев)</li> <li>- Сіздер бүгінгі сабақта не үйренгілеріңіз келеді?</li> <li>- Сіздердің үйренгендеріңіздің дәлелі қандай болмақ?</li> </ul> <p><b>Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</b> Олай болса, бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы «Қазақтың бас ақыны. Бала Абай» Авторы Мұхтар Әуезов</p>	аудиожазба
Ортасы 28 минут	<p><b>Автор туралы мағлұмат</b> <b>Мұхтар Әуезов - жазушы, ғалым.</b> Мұхтар Әуезов (1897-1961) қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында туған. Балаларға арнап «Көксерек» және т.б. шығармалар жазған.</p> <p><i>Мұхтар Әуезов Абай туралы «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған. Онда Абайдың бүкіл өмір жолы: балалық, ересек шағы, шығармашылығы, сол кездегі қазақтың тұрмысы баяндалған.</i></p> <p><i>Мұхтар Әуезов Абай туралы: « ... Қазақ халқына халықтығын жоғалтпайтын өшпес белгі орнатты», - деп жазды.</i></p>	интербелсенді тақта слайд
5 мин	<p>Абай Құнанбаев 1845 жылы бұрынғы Семей уезі, Шығыс облысында дүниеге келген.</p> <p><b>Ұжымдық жұмыс</b> <b>Оқылым:</b> <b>Оқулықпен жұмыс.</b> М.Әуезовтің «Бала Абай» әңгімесі оқылады. а) іштей оқу ( «<b>Инсерт</b>» әдісі бойынша түсінбеген сөздерін түртіп алу) <b>Сөздік жұмысы</b> Әуелде – алғашқыда Қажымай-шаршамай Бінтыға- қызыға ә) мәтінді бөліктерге бөлу (басы, ортасы, соңы) б) мәтін бөліктеріне ат қою</p> <p><b>Топтық жұмыс.</b> <b>«Сұрақ бізден, жауап сізден»</b> әдісі бойынша 1-топ. «Ғалым» - бірінші бөлік бойынша сұрақ құрастырады. 2-топ. «Ағартушы» - екінші бөлік бойынша сұрақ құрастырады. 3-топ. «Ақын» - үшінші бөлік бойынша сұрақ құрастырады.</p> <p><b>Дескриптор:</b> - «Сұрақ бізден, жауап сізден» әдісі бойынша оқушылар сұрақтарды жүйелі түрде құрастыра алады. - Берілген сұрақтарға нақты жауап береді. - -- Мәтінді бөлік бойынша тұтастай мазмұндайды. - Сұрақтарды жүйелі түрде құрастыра алады.</p>	ІМектеп сайтынан Бейнебаян көрсету
Дәптермен жұмыс. 8 минут	<p><b>Жазылым: Жұптық жұмыс.</b> Абайдың аналарының аттарын тауып жаз. <b>Әжесінің аты – Шешесінің аты – Дескриптор:</b> - Абайдың әжесінің атын тауып жаза алады. - Абайдың анасының атын тауып жаза алады.</p> <p><b>Топтарға тапсырма</b> <b>1-топ. «Ғалым» Шағын көрініс:</b> «Бала Абай мен әжесі Зере» <b>2-топ. «Ағартушы» Сөзжұмбақ «Абай жолы».</b> <b>Нұсқаулық:</b> мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріп, сөзжұмбақты шеш. 1. Мәтін қалай аталады? Бала ... 2. ... Абайдың жасы он үшке толған еді. 3. Абайдың әжесі әңгімесін қалай бастап еді?</p>	Суретпен жұмыс Оқулық

	<p>4. Абай қайдан көп шықпайтын болды?  5. Абайға әңгімені кім көп айтушы еді?  6. Биыл әсіресе Абайдың ... өскен.  7. Абайдың шешесінің есімі кім?  8. Абай әжесінің әңгімесін қалай тыңдайтын</p> <p><b>3-топ. «Ақын» «Синквейн» 5 жолды өлең құрастырады</b></p> <p>Зат есім  Сын есім, сын есім,  Етістік, етістік, етістік  Төрт сөзден тұратын сөйлем  Синоним.</p>	<p>Смайликпен</p> <p>Жұмыс дәптері қаламсап</p>
Сергіту сәті	« Көзімнің қарасы» әні шырқалады.	<u>музыкамен</u>
	<p><b>«Кім жылдам?»</b> ойыны тест тапсырмасына жауап береді</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Осы мәтіннен біз не түйдік?</li> <li>- Олай болса, мәтінді оқу арқылы қандай жақсы қасиеттерді үйрендік?- Абай Құнанбаев кім?»</li> <li>- Неліктен қазақ халқы Абайды «қазақтың бас ақыны» дейді?</li> <li>- «Бала Абай» мәтіні не туралы? (Абайдың балалық шағы туралы)</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бекіту сұрақтарына жауап алынады.</li> </ul>	Отшашу
Соңы 6 минут Бағалау Рефлексия	<p><b>«Нысана» рефлексиясы арқылы.</b></p> <p>Кері байланыс.  Оқушылардың сабаққа қатысу деңгейіне қарай мадақтап бағалау</p>	
<b>Үйге тапсырма:</b> Мәтінді түсініп оқу. Жұмыс дәптеріндегі 1-тапсырманы орындап келу.		



